



Автор: Байтымбетова Гаухар Курманалиевна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Көбейту және бөлу

Тақырып: 0 және 1 санымен амалдар орындау. Жақшалы өрнектердің мәнін табу Санды 0-ге бөлуге болмайтындығы

Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	3.1.2.2 көбейту және бөлуді орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану; санды 0 санына бөлуге болмайтынын білу 3.2.1.4 санды 0-ге көбейту, 0-ге бөлуге болмайтын жағдайларды әріпті теңдік түрінде: $a \cdot 0 = 0$; $a : 0$ көрсету
Сабақ мақсаттары:	Барлық білім алушылар: көбейту және бөлуді орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану; санды 0 санына бөлуге болмайтынын білу. Білім алушылардың басым бөлігі: есептеуді тиімді ету үшін көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін қолданады. Кейбір білім алушылар: Есептеудің тиімді әдістерін түсіндіру.
Бағалау критерийлері:	-үш таңбалы сандарды 1000-ға дейін қосу мен 1000-нан азайту амалдарын бағанмен жазады; -разряд арқылы сандарды қосу мен азайтуды разряд бойынша қосады (толық 1000-ға дейін толық 1000-нан);
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: көбейту және бөлуді орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану; санды 0 санына бөлуге болмайтынын білу. Терминология: амалдар қасиеті, амалдардың ауыстырымдылық қасиеті. Сөз тіркестері: Үш таңбалы сандар, алгоритм. Талқылау: 1-ге көбейту мен бөлу ережесін құрастыр. Көбейтудің ауыстырымдылық қасиетінің мәнін түсіндір. Жазылым: Өрнектерді жазу.
Құндылықтарды дарыту:	Достықты құрметтеу
Пәнаралық байланыстар:	Әдебиеттік оқу, жаратылыстану.
АКТ қолдану дағдылары:	Кеспелер, суреттер
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім:	Көбейту мен бөлу амалындағы 1-дің қасиеті.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы: (5мин.)	Ынталандыру. Жарқырап күн де ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз, Қайырлы күн! Сәлемдесіп аламыз. Мақсатымыз - білім алу, Міндетіміз - еңбектену Еңбектену арқылы "5" - ке қолды жеткізу! Өзектендіру.	Сандар жазылған қима қағаздар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы: (20мин.)	Видео көрсетеміз 1мин. https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/0-men-1-sandarynyng-qasietter?midcf852f871-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe Image not found or type unknown (Т) «Тауып көр» ойыны. Оқушылар жақшалы өрнектің мәнін тауып, фотосуреттердің қандай аңызға байланысты алынғанын біледі. 1-тапсырма: $1000-(580+120)=300$ $930-(1000-470)=400$ $120+(1000-560)=560$ Өзіндік жұмыс АКТ мен тапсырманы жеке-жеке орындау https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/0-men-1-sandarynyng-qasietter?midcf852f871-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe Image not found or type unknown 2-тапсырма: оқушылар қима қағаздардағы өрнектерден теңдіктер мен теңсіздіктер құрастырады. Бұл тапсырманы нұсқалар бойынша өз беттерінше орындайды. 3-тапсырма: оқушылар амалдардың орындалу тәртібін анықтап, өрнектің мәнін табады. $26 + 12 : 6$ $200 - 7 * 2$ $(130 - 25) * 2$ 4-тапсырма: ауызша түсіндіріп отырып есептейді. 6-тапсырма: оқушылар қысқаша жазбалардан есеп құрастырып, есептерді шығарады. Мұрат – 8 беттен 6 әңгіме Кәмила – 7 беттен 9 әңгіме ? бет артық 7-тапсырма: оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылар тапсырманы оқып, бір жағы 5 болатын екі шаршыдан құралған, қоршауға арналған сым темірдің ұзындығы тіктөртбұрыштың периметріне тең деген шешімге келеді. 8-тапсырма: зерттеушілік қасиетті талап етеді. Оқушылар ұсынылған амалдар бойынша олардың шешімін түсіндіретін өрнектерді жазып алады. Бұл тапсырма оқушылардың құрама есептердің шешімін сипаттайтын, өрнекті жазуға дайындығына қызмет етеді.	5e1d417582a34.png Image not found or type unknown bilimland.kz
Аяқталуы: (3мин.)	Рефлексия. Сабақта қандай тапсырма басқаларынан қызығырақ болды? Бүгінгі сабақта алған білім қай жерде қажетке асуы мүмкін? Өз жұмысыңызды бағалаңыз. Барлығы өзіңіз ойлағандай болды ма? Неге?	
Үй тапсырмасы: (2мин.)	Үйге тапсырма: 8-тапсырма, 47-бет.	